

ГЕОСАЯСИ ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛДЫ

7-БЕТ | АСТАНА КҮНІ



ҚАЙ КӘСІПТІ ЖОЯДЫ?

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ҚАЗАҚ БОКСШЫЛАРЫ ТОП ЖАРДЫ

12-БЕТ | СПОРТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> БІЗДІҢ КЕҢ БАЙТАҚ ЖЕРІМІЗ БАР. АЛАЙДА ЕЛ АУМАҒЫНЫҢ ЖАРТЫСЫНАН КӨБІ – ШӨЛ ЖӘНЕ ШӨЛЕЙТ ЖЕРЛЕР. СОНДЫҚТАН ҚАЗАҚСТАН ҮШІН СУ МӘСЕЛЕСІ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ ДЕСЕК АРТЫҚ БОЛМАЙДЫ. БҰЛ САЛА ӘРДАЙЫМ МЕМЛЕКЕТТІҢ АЙРЫҚША НАЗАРЫНДА.

№80
(4824)
Бейсенбі
10 шілде
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ОТБАСЫ – БЕРЕКЕНІҢ ОШАҒЫ

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қатысушылар қатары жыл сайын көбейіп келеді. Биыл Астана қаласы бойынша өткен кезеңдік байқауға 255 отбасы қатысты. Бұл – өткен жылдармен салыстырғанда рекордтық көрсеткіш. Ал астаналық байқаудың жеңімпазы Айтқожиндер отбасы енді елорда намысын республикалық байқауда қорғамақ.

АҒАШТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Елордада «Green ID» жобасы аясында саябақтардағы әрбір ағашты цифрлық паспорттау жұмысы жүргізіліп жатыр.

Ағаштарды цифрландыру әзірге «Жастар» және «Ғашықтар» саябақтарында жүргізілуде. Әрбір ағашқа өзі туралы толыққанды ақпарат жүктелген QR-код ілінеді. Осылайша тұрғындар QR-код арқылы ағаштың қашан егілгені, тіпті қашан суарылғаны жөнінде ақпарат алып отырады.




«Біз 50-ге жуық ағашты цифрландырып үлгердік. Алдағы уақытта ылғалдық датчиктерін орнатуды жоспарлап отырмыз. Сол арқылы топырақтағы макро және микроэлементтер тапшылығын уақытылы көре аламыз. Осылайша ағаштардың жағдайын бақылауда ұстаймыз» дейді «Астанагенплан» ҒЗЖИ ЖШС ландшафтық дизайн және сәулет орталығының басшысы Гүлнұр Имамбекова.

АСТАНАЛЫҚ АТЛЕТ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Астаналық ауыр атлет Едіге Емберді бас қалада өтіп жатқан Азия біріншілігінде чемпион атанып, құрлықтық рекордты жаңартты.

Жастар арасындағы 79 келі салмақ дәрежесінде бақ сынаған Едіге жұлқа көтеруде алдымен 146 келіні көтерді. Артынша 150 келіні де оңай еңсеріп, соңғы мүмкіндігінде 153 келіге тапсырыс беріп, бұл салмақты да бағындырды. Серпе көтеру жаттығуында 194 келіні көтеріп, Азия рекордын жаңартты. Сонымен қатар қос сайыс қорытындысы бойынша 347 келіні еңсеріп, тағы бір рекорд орнатты.



12



Үкіметте өткен жиын барысында коммуналдық қызмет тарифтерін көтеру кейінге қалдырылғаны белгілі болды.

«Ақылы қызметтер бірінші жартыжылдықта инфляция өсімінің негізгі факторы болды (16,1 пайыз). Осыған байланысты Үкімет коммуналдық қызметтер тарифінің өсу қарқынын реттеу туралы шешім қабылдады. Атап айтқанда, коммуналдық тарифтердің өсуін ішінара кейінге қалдырды. Бұл азаматтардың қаржы жүктемесін азайтуға және инфляция деңгейін тұрақтандыруға мүмкіндік береді» делінген хабарламада.



Мемлекет басшысының тапсырмасымен Астана су қоймасы 55 жылдан кейін алғаш рет тазартылып жатыр.

1970 жылы салынған Астана су қоймасына осы уақытқа дейін тазарту жұмысы жүргізілмеген. Ол – елордамызды ауыз сумен қатамасыз ететін жалғыз су қоймасы. Қойманың жалпы көлемі – 410,9 млн текше метр.

– Биыл қазан айының соңына дейін Астана су қоймасынан 50 мың тонна лай шығару жоспарланған. Лай шығарылған соң, қойманың жобалық көлемі 47 млн текше метрге ұлғаяды. Бұл жұмыстар үшін «Қазсушар» филиалы арнайы екі техникамен қамтылған. Ол техниканы қолдану үшін «Қазсушар» мамандары арнайы дайындықтан өткен, – дейді ҚР Су ресурстры және ирригация министрлігі Гидротехникалық имараттар басқармасының бас сарапшысы Сергей Добрынин.

12-13 ШІЛДЕ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

10:00-ден 19:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында өтеді. Сонымен қатар күн сайын Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23 мекенжайында сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істейді.

№80 (4824) 10/07/2025 Бейсенбі



СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су шаруашылығы қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, су – бүкіл тіршіліктің көзі, әлемдегі барлық ел үшін аса маңызды стратегиялық ресурс екенін айтты.

«Біздің кең байтақ жеріміз бар. Алайда ел аумағының жартысынан көбі шөл және шөлейт жерлер. Сондықтан Қазақстан үшін су мәселесі ұлттық қауіпсіздік мәселесі десек, артық болмайды. Бұл сала әрдайым мемлекеттің айрықша назарында. 2023 жылы халыққа Жолдауымда мен суды тиімді пайдалану жайына ерекше тоқталдым. Елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Нақты міндеттер айқындалып, ауқымды реформалар қолға алынды. Жаңа Су кодексі қабылданды. Ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Су нысандарын салуға және қалпына келтіруге қомақты қаражат бөлінді. Шетелден инвестиция тартылуда. Қазір осы салада 30 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Олар қала мен ауылды, өндірістер мен егіс алқаптарын сумен қамтамасыз етуде» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент су саласында мықты мамандар әлі де жетіспейтінін атап өтті.

«Былтыр Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті құрылды. Осы мамандыққа бөлінетін грант саны екі есе артты. 500-ден астам студент бюджет қаржысына білім алып жатыр. Олар оқуын аяқтаған соң «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы аясында жұмыс істей алады. Сондай-ақ 120 қызметкер Қытайда тәжірибе алмасып, қосымша білім алуда. Су шаруашылығы мамандарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән берілуде. Былтыр олардың жалақысы 25 пайызға өсті. Биыл да көбейеді. Бір сөзбен айтсақ, жүйелі жұмыс істеліп жатыр» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету айрықша маңызды міндет екеніне тоқталып, соңғы жылдары осы бағытта нақты шаралар қабылданғанын жеткізді.

«Қала халқының және ауыл тұрғындарының көпшілігі таза ауыз сумен қамтамасыз етілді. Енді алдымызда тұрған шұғыл міндет – 500-ге жуық ауылға су беру жұмысы. Әсіресе, ауыз суды тазалау мәселесін шешу қажет. Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп тегін айтпаған, әр тамшы судың қадірін білген. Суды тиімді пайдалану – өте өзекті мәселе. Заңғар жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесінде судың қасиеті, құдықшының еңбегі туралы терең ойлар айтылады. Қазір елімізде суды үнемдеу тарифі іске қосылды, яғни «аз пайдалансаң, аз төлейсің» деген қағида енгізілді. Сонымен қатар мемлекет су үнемдеу технологиясын қолданатын шаруаларға белсенді қолдау көрсетуде, атап айтқанда, жұмсаған қаржысының 80 пайызына дейін өтейтін болды. Бүгінде 470 мың гектар жерде осындай озық технология іске қосылды. Бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады. Себебі су үнемдеу – алдымызда тұрған аса маңызды стратегиялық міндет. Бұл мәселеге қатысты цифрландыру жұмысын жүргізу өте өзекті. Оны қарқынды түрде жүзеге асыру керек. Шындығын айтсақ, қазіргі жағдай жалпы мәз емес. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында суды үнемдеу мәдениеті жан-жақты дәріптеліп жатыр. Еліміздегі 2 миллионнан астам оқушы «Суды үнемде – болашақты сақта!» атты ауқымды жобаға қатысты. Өскелең ұрпақ судың құндылығын білуі керек, оны ысырап етпеу туралы жастайынан түсініп өсуі қажет» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, су қауіпсіздігі Қазақстанның орнықты дамуына әсер ететін негізгі мәселеге айналды.

«Біз осы себепті су дипломатиясын күшейтуді қолға алуымыз керек. Аталған аса маңызды іске кадрларды даярлап, іріктеуіміз қажет. Ең алдымен, трансшекаралық өзендер бассейніндегі суды тиімді пайдалану жүйесін жолға қою үшін көршілес мемлекеттермен ықпалдастыққа мән берген жөн. Қазақстан су ресурстарын рационалды, әділ әрі тең құқылы негізде пайдалану қажет деген ұстанымды жақтайды. Сондай-ақ су қауіпсіздігі мен тұтас аймақтың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында өзара міндеттемелерді сақтаған дұрыс. Көршілес елдермен конструктивті диалог және тараптардың мүддесіне сай ынтымақтастық жалғасады деп үміттенеміз. Қазақстан Орталық Азия елдерінің су-энергетика консорциумын құру бастамасын дәйекті түрде ілгерілетіп келеді. Өңір елдерімен тығыз ықпалдастықтың арқасында былтыр диқандарымызға қажетті су толық жеткізілді. Биыл да осындай жұмыс атқарылуға тиіс. Әлемде суға сұраныс деңгейі 2040 жылға қарай 40 пайызға артуы мүмкін. Мұндай жағдайда бүкіл халықаралық қоғамдастықтың күш-жігерін біріктіру маңызды. Сондықтан Қазақстан су дағдарысын еңсеруді көздейтін көпжақты бастамаларға белсенді қатысады. Былтыр Сауд Арабиясында өткен арнаулы саммитте су проблематикасын шешудің негізгі тәсілдерімен бөлістім. Келесі жылы елімізде БҰҰ аясындағы Өңірлік экология саммитін өткізу жоспарланып отыр. Осы тектес қадамдар еліміздің су қауіпсіздігін нығайтуға септігін тигізеді» деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, су ресурстарын дамытуға үлес қосып келе жатқан сала қызметкерлеріне алғыс айтты.

«Су экономикаға, экологияға, халықтың денсаулығына, жалпы, барлық салаға ерекше ықпал етеді. Сондықтан судың таза әрі қолжетімді болуы өте маңызды. Елімізде Кіші Аралды құтқару үшін жылдар бойы ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соның арқасында қашқан теңіз қайта оралып, айдыны суға толып жатыр. Каспий теңізін, Балқаш көлін, басқа да су көздерін сақтап қалу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Су, дұрыс пайдалана білсең – құт, ысырап етсең – жұт. Былтыр Қазақстанның бірнеше аймағы қарғын судан қатты зардап шекті. Мұндай жойқын табиғи апат елімізде бұрын-соңды болмаған» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

САЛАДА СЕРПІН БАР

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Үкімет отырысында соңғы жылдары мал шаруашылығы негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамиканы көрсетіп отырғанын баяндады. Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемін 2 есеге ұлғайту жөніндегі тапсырмасына сәйкес министрлік саланы дамытуға бағытталған жүйелі шараларды қабылдауда.

«Соңғы жылдары мал шаруашылығы саласы негізгі көрсеткіштер бойынша тұрақты өсім мен оң динамиканы көрсетуде. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің шамамен 40%-ы осы салаға тиесілі. Биыл 5 айдың қорытындысы бойынша саладағы өндіріс көлемінің өсімі 104,2%-ды құрады. Бұл өсім сойыс салмақтағы еттің көлемін 3%-ға, сиыр сүтін 7,5%-ға ұлғайту есебінен қамтамасыз етілді. Ет өндіру көлемі бойынша ең жоғары көрсеткіштерге Алматы, Ақмола облыстары, ал сүт өндірісі бойынша Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары қол жеткізді. Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрі бойынша мал басы тұрақты өсуде. Жыл басынан ірі қара мал басы 23,4%-ға артты, ұсақ мал – 7,8%-ға, жылқы – 12,2%-ға, түйе – 8,5%-ға, құс 2,2%-ға өсті» деп атап өтті министр.

Оның айтуынша, өндіріліп жатқан өнім көлемі ішкі нарықты сиыр және қой етімен толық қамтамасыз етуге, сондай-ақ экспорт көлемін арттыруға мүмкіндік береді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша сиыр еті экспорты 1,4 есеге артып, 22 мың тоннадан асса, қой еті 2,2 есеге өсіп, шамамен 18 мың тоннаны құраған. Жыл басынан өңдеуге берілетін мал саны 1,5 миллионға жетті. Ет өңд

№80 (4824) 10/07/2025 Бейсенбі



МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы Астана қалалық кезеңіне биыл 255 өтініш келіп түсті. Бұл – өткен жылдармен салыстырғанда рекордтық көрсеткіш. Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында аталмыш байқау жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкеннің қатысуымен өткен іс-шарада бірнеше кезеңдік іріктеуден өткен елорданың 19 отбасы марапатталды. Олардың барлығына бағалы сыйлықтар тапсырылды. Байқаудың жалпы жүлде қоры 3 млн теңгеден асты.


1 миллиондық бас жүлдені Айтқожиндер отбасы жеңіп алды. Бұл отбасындағы 8 бала робототехника, би, оқу мен спорт секілді әртүрлі салада жоғары жетістіктерге жетіп жүр. Отағасы Сайран Айтқожин – қоғам қайраткері, саяхатшы, ақын, «Қажынама – Меккеге қарай ұзақ жол» кітабының авторы. Отанасы Айнаш Айтқожина – «Алтын алқа» иегері. Екеуі де спорт марафондарына белсенді қатысады. Экстремалды атлетика жарыстарына қатысып, «Солтүстіктің патшасы мен патшайымы» атағын иеленді.

Айнаш Айтқожинаның айтуынша, бұл отбасы 2022 жылы аталмыш байқаудың «Өнегелі отбасы» аталымында жеңіске жетті. Арада өткен үш жылда жаңа жетістіктерге жетіп, балалар мектепті үздік бітірді, байқаулар мен эстафеталарға қатысты. Сондықтан осы жолы өтініш бергенде жеңіске жететініне сенімді болды. Бұл отбасы осымен тоқтамай, жетістіктерін еселеп, осындай байқауларға әлі де қатысуды жоспарлап отыр.

Жалпы биыл аталмыш байқау он бірінші рет ұйымдастырылды. Алдымен аудандық, одан соң қалалық кезеңдерде іріктеу жүргізілді. Енді қалалық кезең жеңімпазы республикалық деңгейдегі байқауға қатысады. Қатысушылар жылдан-жылға артып келе жатыр. Астаналық әр ауданнан 35-тен 50-ге дейін өтініш келіп түскен. Комиссия содан үлгілі, дарынды деген 4 отбасыдан іріктеуден өткізіп, қалалық кезеңге жіберді. Салтанатты кеште әр аудан жеңімпаздарымен қатар, «Өнегелі отбасы», «Ұлағатты отбасы», «Жас отбасы», «Патриот отбасы», «Мейірімді отбасы», «Берекелі отбасы», «Алғыр отбасы», «Дарынды отбасы», «Салауатты отбасы», «Шығармашыл отбасы», «Парасатты отбасы», «Үлгілі отбасы» аталымдарында топ жарғандар марапатталды.

ҮШ ПОЛИЦИЯ БЕКЕТІ АШЫЛДЫ

Елордада «Жұртқа жақын полиция» қағидатын іске асыру аясында және қалалық әкімдіктің қолдауымен №7, №51 және №90 үш жаңа учаскелік полиция пункті жұмысын бастады.



Салтанатты ашылу рәсіміне Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев, Мәжіліс депутаты Наталья Дементьева, қалалық мәслихат депутаты Бауыржан Смаилов және аудан әкімдері қатысты.

№51 учаскелік полиция пункті Нұра ауданында, Шапық Шөкин көшесі, 6-үйде орналасқан. Полиция пункті шамамен 70 мың адамға қызмет көрсетеді, ауданы – 78,2 шаршы метр. №90 учаскелік полиция пункті Сарыарқа ауданында, Сұлтан Бейбарыс көшесі, 12-үйде, «Мирный дом» тұрғын үй кешенінде ашылды. Бұл пункт 31 мыңнан астам тұрғынға қызмет көрсетеді, ауданы – 118 шаршы метр. №7 учаскелік полиция пункті Алматы ауданында, Мұқан Төлебаев көшесі, 5-үйде, «Арыстан» тұрғын үй кешенінің бірінші қабатында орналасқан. Аталған пункт 41 мыңнан астам адам тұратын аумаққа қызмет көрсетеді, ауданы – 197 шаршы метр. Мұнда кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларына, отбасы-тұрмыс мәселелері жөніндегі инспекторларға арналған бөлек кабинеттермен қатар, конференц-зал да қарастырылған. Енді осы аудандардың тұрғындары учаскелік полиция инспекторларына өз шағын ауданынан шықпай-ақ тікелей жүгіне алады. Бұл құқық бұзушылықтың алдын алуға, жедел әрекет етуге және полиция мен халық арасындағы сенімді нығайтуға маңызды ықпал етеді. Әр пункт заманауи техникамен жабдықталған: бейнебақылау жүйелері, компьютерлер, учаскелік инспекторлардың жұмысы мен азаматтарды қабылдауға арналған ыңғайлы кабинеттер бар. Полиция мен тұрғындар арасындағы тиімді әрі ашық өзара қарым-қатынас үшін барлық жағдай жасалған.

Тұрмыстық қалдықтың 20 пайызы ғана қайта өңделеді. 2050 жылға дейін әлемде оның көлемі 3,5 миллиард тоннаға жетуі мүмкін.

Осыған байланысты қазір бірқатар елде қоқысты қайта өңдеу бойынша арнайы заңдар қабылданып, қатаң ережелер енгізіліп жатыр. Германия халқы үшін қоқысты сұрыптап, жинау – қалыпты үрдіс. Елде тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеуге жарамды және жарамсыз деп бөлу жүйесі 90-жылдары қалыптасты. Тұрғындар содан бері қоқысты арнайы контейнерлерге бөліп салады.



Алаяқтық жолмен несие рәсімдеушілердің әрекетіне тосқауыл күшейеді. Азаматтарға несие беру кезіндегі банктер мен шағын қаржы ұйымдарының жауапкершілігі қатаңдайды.

Бұдан былай қазақстандықтар үшін кредит рәсімдеудің жаңа ережелері күшіне енеді. Жобаны Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ашық талқылауға шығарды. Ұсынылған жаңа талаптарға сай, банктер сомасы 150 АЕК-тен асатын онлайн тұтынушылық кредитті келісімшарт жасасқан соң 24 сағаттан кейін ғана несие алушыға аудара алады.

Астанада «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қоры ерекше балалар және олардың отбасына арналған оқу-оңалту орталығын ашты.

«БАҚЫТТЫ ШАҢЫРАҚТЫҢ» ЖАҢА ОРТАЛЫҒЫ

Жаңа орталықтың ашылу салтанатына Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов, әкім кеңесшісі Қуаныш Молдабек, әйелдер істері және отбасы жөніндегі комиссия мүшелері Баян Тойкебаева, Наталья Семененко және т. б. қатысты.

Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов алғашқы құттықтау сөзді сөйлеп, орталықтың ашылу рәсімін жасап, лентасын қиды. Қонақтар ғимаратты аралап, қос бөлімнің жұмысымен танысты. Орталықта балаларға және ересектерге арналған екі бөлім бар. Бірінде көбіне оңалтуға көңіл бөлінсе, екіншісінде оқуға назар аударылады. Аталған орталыққа қор қанатының астындағы ерекше балалар ғана емес, олардың бауырлары мен ата-аналары да келіп, тегін ем алып, курсқа қатысып, пайдалы іспен шұғылдана алады. Мұнда ойын және сауықтыру жаттығулары, массаж жасалады. Сондай-ақ музыка, сурет көрмелері және тігін бөлмесі мен арнайы асхана да бар.

Орталыққа шағын экскурсия жасалған соң, келушілер орталық балалары мен ата-аналары дайындаған шағын концертті тамашалады.

«Бақытты шаңырақ» қоғамдық қорының төрайымы Ботагөз Сұлтанованың айтуынша, бұл – қорға қарасты екінші орталық. Алғашқысы Р.Қошқарбаев даңғылы бойында орналасса, бұл жолы Ы.Дүкенұлы көшесінде ашылды. Осы қорға қарасты 1092 отбасы, 2876 бала және 1180 ерекше бала бар. Аталған орталық демалыссыз жұмыс істейді.



БАЛАЛАРҒА САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!

Бас қалада бір күнде төрт бала терезеден құлап, екеуі қаза тапты. Олар әртүрлі биіктен құлаған.

10 және 16-қабаттан құлаған балалар алған жарақатынан оқиға орнында көз жұмды. Оның біреуі 3 жаста, екіншісі 6 жаста болған. Тағы екеуі оқиға орнынан жедел жәрдеммен балалар стационарына жеткізілді. Қазіргі уақытта екі бала да жансақтау бөлімінде жатыр. Дәрігерлер олардың жағдайын ауыр деп бағалап отыр.

Астана қаласының полициясы ата-аналар мен барлық ересек адамды балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударуға шақырады.

Жыл басынан бері елордада балалардың терезеден құлап кетуінің 45 оқиғасы тіркеліп, оның 12-сі қайғылы жағдаймен аяқталған. Мұндай оқиғалар, әдетте, балалар қараусыз қалған кезде және үйде қарапайым сақтық шаралары сақталмаған жағдайда болады.

Полиция осындай қайғылы жайттардың алдын алу үшін мынадай ережелерді сақтауды ұсынады:


– Егер терезе ашық болса немесе бөлмені желдетіп жатсаңыз, балаға үнемі көз салыңыз;

– Балалардың ересектерсіз балконға шығуына жол бермеңіз;

– Кішкентай балаларды үйде жалғыз қалдырмаңыз – тіпті олар ұйықтап жатса да;

– Терезе маңындағы жиһазды, әсіресе бала мініп кетуі мүмкін төсек пен орындықтарды алыстатыңыз.

– Масаға арналған тор бұл қорғаныс құралы емес. Бала оған сүйенуге болады деп ойлап, онымен бірге құлап кетуі мүмкін.



№80 (4824) 10/07/2025 Бейсенбі

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН

Адал еңбегімен еленіп, табысқа жеткен адамдар қашанда қадірлі. Өз мамандығының қыры мен сырын жетік меңгеріп, көптің ортасында құрметке бөленген осындай жандардың бірі – ТМД-ның және Қазақстанның құрметті энергетигі, астаналық еңбек ардагері Жанат Ғазизұлы Бейбітов.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



1950 жылы 19 маусымда Ақмола облысы Алексеевка елді мекенінде, қазіргі Ақкөл қаласында дүниеге келген Жанат Ғазизұлының балалық шағы Бестөбе ауылында өтіп, осындағы орта мектепті бітіргеннен кейін ол жұмысты оқумен ұштастыра жүріп, 1967 жылдан 1970 жылға дейін «Каззолото» КБК құрылыс-монтаж басқармасында электрик болып жұмыс істеді және сонымен бірге Щучье политехникалық техникумының кешкі бөлімінде электромеханик мамандығы бойынша оқыды. Әкесі Ғазиз Бейбітов – соғыс ардагері, партия қызметкері болса, анасы Саржан – батыр ана, 10 құрсақ көтерген тыл еңбеккері еді.

Отбасының үлкені, іні-қарындастарына қамқоршы бола білген Жанат Бейбітов 1970 жылы Қазақ политехникалық институтына түсіп, тау-кен инженері біліктілігін алып шығады. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін Кеңес Армиясының қатарында қызмет етіп, елге оралған соң бар өмірін энергетика саласында еңбек етуге арнайды. 1978 жылдан бастап Степногор электр желілері кәсіпорнында, ал 1979 жылдан бастап теңіз АЭЖ-да учаске шеберінен басшылық лауазымдарға дейінгі жолдан өтеді. 1987 жылы Целиноград электр желілері кәсіпорнына ауыстырылып, онда материалдық-техникалық жабдықтау бөлімін басқарады. 2001 жылы кәсіпорын қайта құрылғаннан кейін «АЭҮК» АҚ (Ақмола Электржелілік Тарату компаниясы) жұмысын жалғастырып, зейнеткерлікке шыққанға дейін осы мекемеде ОМТС бастығы қызметін атқарады.

Мемлекет басшысының Жарлығымен 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланғаны белгілі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев нағыз еңбек адамы дегеніміз – «бұл ең алдымен, өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман. Нағыз еңбек адамы – бұл істің адамы, яғни әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат» деген болатын. Жанат Ғазизұлы дәл осындай азаматтардың қатарынан. Еңбекқорлық – қазіргі заманда бізге аса қажет құндылық екенін ол жақсы біледі. Шын мәнінде, барлық жетістіктің бастауы – адал еңбек және іскерлік, ал табысқа жетудің жалғыз жолы – өз кәсібіңнің шебері болу және ерінбей еңбек ету екенін терең түсінген жан бізбен әңгіме барысында жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек қадірлі дей келе, ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиістігін алға тартты.

– Кез келген жұмысқа жауапкершілікпен қарауды жастайымыздан ата-анамыз бойымызға сіңірді. Кейін мектепте, одан соң жоғары оқу орнында ұстаздарымыздан әр іске асқан шыдам мен табандылықтың, кәсіби біліктіліктің қажет екенін үйрендік. Отыз жылдан астам бір салада қызмет ете жүріп, адал еңбектің арқасында үлкен жетістікке жетуге болатынын ұқтым. Меніңше, әрбір адам өз жұмысына адал болып, бастаған ісін соңына дейін жеткізуі керек. Қай мамандықтың да оңайы жоқ, қиындық кез келген салада болады. Тек төзімділік пен сабырлылық таныту қажет. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге болмайды. Осы уақыт аралығында ұққаным, адамдардың алғысынан асқан марапат жоқ. Мемлекет басшысы айтқандай, елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Қарапайым еңбек адамы қашанда құрметке лайық. Сондықтан қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды, – деді еңбек ардагері.

Қызмет еткен жылдары Жанат Ғазизұлы бірнеше рет Құрмет грамоталарына, алғыс хаттар мен наградаларға ие болды. 2000 жылы облыс әкімінің ГОЭЛРО жоспары мен энергетика күнінің 80 жылдығына арналған Алғыс хатымен және 2001 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай құттықтау қағазымен марапатталды. 2007 жылы компанияға заманауи жабдықтарды үздіксіз жеткізу жүйесін енгізгені және саланы дамытуға қосқан жеке үлесі үшін «Қазақстанның құрметті энергетигі» құрметті атағын алып, 2010 жылы ТМД Электр энергетикалық кеңесінің шешімімен оған ТМД кеңістігінде энергетикалық интеграцияны дамытуға қосқан үлесі үшін «ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі» атағы беріледі. 2011 жылы тәжірибелі маманның өмірі мен кәсіби жолы туралы мәліметтер «Үздік адамдар» үлкен халықаралық энциклопедиясына енгізіледі.

Бүгінде зайыбы, филология ғылымдарының докторы, профессор Күлпаш Дайрабайқызы екеуі өсіріп-тәрбиелеген қос қызғалдағынан алты жиен немере сүйіп, солардың қуанышына сүйсініп ғұмыр кешуде. Отыз жылдан астам бір ғана салада тер төгіп, кәсібін сүйіп, ісіне адалдық танытқан, инфрақұрылымды дамытуға және энергетикалық жүйені қалыптастыруға үлес қосқан Жанат Бейбітов жақында «Қазақстан Республикасының құрметті азаматы» атағына ие болды. Бұл да болса қарапайым еңбек адамының көп жылғы маңдай терінің текке кетпегені, еңбегінің еленгені.



ӘКЕ ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН ӘУЛЕТ

Адал еңбектің арқасында тірлігі түзеліп қана қоймай, кәсібі атадан балаға берілетін отбасылар баршылық. Солардың бірі – елордадағы «Астана-Теплотранзит» АҚ 3-ауданы жылу желілерін пайдалану қызметінің №3 телімінің слесарі, бригадир болып 23 жыл еңбек етіп, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған Базарбай Жұмаділов.

Райхан РАХМЕТОВА

Базарбай Оспанұлы 1961 жылы Целиноград облысы №96 бекетінде дүниеге келген. Әскерден кейін малшы болып, еңбек етті. 2001 жылы Астанаға келіп, сол жылы осы кәсіпорынға жұмысқа қабылданды. Содан бері жұмысына жауаптылығы мен мол тәжірибесі және саланы дамытуға қосқан үлесі үшін үлкен марапаттарға ие болды. Ол «Кәсібінің ең үздігі», «Алтын қол шебері», «Үздік учаске», Энергетика ардагері, «Үздік құрылымдық бөлімше», III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен және Құрмет грамоталарымен марапатталды. Ұжымда беделмен құрметке ие болып, кейінгі жастарға үлгі көрсетті. Төрт балалы әкенің үш ұлы бірдей өзі еңбек еткен ұжымда оның қызметін жалғастырды.

Үлкені Болатбек Жұмаділов «Астана-Теплотранзит» АҚ-да өндірістік-жөндеу қызметінде дәнекерлеуші, слесарь, бригадир болып келе жатқанына 17 жылға таяды. Ортаншы ұлы Бесімбек Жұмаділов осы кәсіпорында 2-ауданның жылу желілерін пайдалану қызметінің №6 телімінің слесарі ретінде қызмет етіп келе жатқанына 21 жыл толды. Табанды еңбегі үшін бірнеше рет Құрмет грамоталарын алған ол «Кәсібі бойынша үздік» және басқа да көптеген беделді атақтармен марапаттаған. Кіші ұлы, кәсіпорында №1 телім слесарі Бекболат Оспанның да 13 жылдық тәжірибесі бар. Оған да «Үздік телім», «Үздік жас маман» сияқты марапаттар берілген. Осылайша Жұмаділовтер еңбек әулетінің «Астана-Теплотранзит» АҚ-дағы еңбек өтілі 69 жылдан асады.

– Адам өзін адал еңбегімен көрсетсе, басшылар да, ұжым да сыйлап, құрметтейді. Балаларым да менен үлгі алып, жолымды қуды. Себебі кәсіпорында еңбек бағаланады, жалақы уақытылы беріледі, ерен еңбегің сіңсе марапаттап ынталандырады. Сондықтан балаларым да абыройлы қызмет етіп, әулетіміздің мақтанышына айналып отыр, – дейді Базарбай Оспанұлы.

Оның айтуынша, кәсіпорын бірнеше аудандарға бөлінген, мәселен, ол өзі елордада Күмісбеков – Сейфуллин – Бөгенбай батыр көшелері бойынша аудандағы жылу желілерінің жұмысына жауапты болған. Көкталға дейін созылатын бұл телім 3-аудан, №3 телім аталады.

– Осы телімдерде жазда күрделі, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Желі бойын тазалаймыз, жөндейміз. Басты мақсат – халықты жылумен үздіксіз қамтамасыз ету. Көбіне көшедегі люктерді қардан, топырақтан тазалап, көміліп қалмауын қадағалаймыз. Менің өзім істеген телімде жалпы 1800 люк болды. Солардың өзінің кестесі бар, соған сай жөндеу жүргізіп отырамыз. Осы жұмыстарды ширек ғасырға жуық уақыт сапалы атқарып, бүгінде соны балаларым жалғастыруда, – дейді зейнеткер.

Бүгінде Базарбай Оспанұлы жұбайымен бірге 1 қыз, 3 ұлынан тараған 7-8 немересін, тіпті шөбересін қызықтап, ардақты әке, сүйікті ата болып отырған жайы бар.

ЕЛОРДАҒА СУ ЖЕТКІЗЕДІ

Су шаруашылығы қызметкерлерінің күніне орай астаналықтар мен қала тұрғындары тұтынатын ауыз судың құрамы қалай тазартылатынын білу мақсатында «Астана су арнасында» болған едік.



Ауыз су сапасын зерттеу тұрғындардың денсаулығы мен өмір сүру сапасын қамтамасыз етуде – өте маңызды. Біз күнделікті тұтынатын су бекітілген стандарттарға сай ма? Бұл сұрақтарға «Астана су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына қарасты сорғы-сүзгі стансасының су тазарту құрылғылар қызметінің бас инженер-технологы Жаннұр Қабылбеков жауап берді.

«Бүгінгі таңда біз қалаға тәулігіне 350 мың текше метр су жіберіп жатырмыз. Негізі станса тәулігіне 410 мың текше метр су беруге қауқарлы. Байқасаңыздар, станса жобалық қуатын асырып орындай алады. Астаналықтарға таза су жіберу үшін түнгі сағат 00.00-ден бастап су қысымын азайтамыз және әрқайсысы 20 мың текше метрлік төрт резервуарға су жинап отырамыз. Өздеріңізге мәлім, халық көбінесе таңертең және кешкілік уақытта суды көп қолданады» деді сорғы-сүзгі стансасының бас инженері.

Елордаға тіршілік нәрі Астана (бұрынғы атауы – Вячеславка) су қоймасынан келеді. Маманның айтуынша, ондағы су көлемі қардың түсіміне тікелей байланысты екен. Су тұтынушыға жетпес бұрын әбден тазартылады.

«Алдымен сырттан келген тіршілік нәрі су қабылдағышқа құйылады. Әрі қарай сүзгі-сорғы стансаларына келеді. Ал стансалардың суды тазарту кезеңі бірдей. Мұнда оны әуелі залалсыздандыру үшін натрий гипохлориді және бұлыңғырлығын төмендету үшін реагенттер қосылады. Кейін кварц құмы арқылы сүзгіден өтеді. Онда әбден тазарған соң, ауыз су резервуарларына құйыла бастайды. Ал одан кейін сорғымен қалаға тарайды. Байқасаңыз, су тұтынушыға жетпес бұрын үш кезеңнен өтеді, нәтижесінде тазартылып, тұтынуға жарамды күйге айналады» дейді Жаннұр Қабылбеков.

Адамның денсаулығы ауыз судың сапасына тікелей байланысты. Сондықтан ауыз суға мемлекеттік санитарлық талаптар қойылады.

«Мамандар күн сайын зертханада зерттеулер жүргізу арқылы судың сапасы мен құрамын толық зерттейді. Бұл санитарлық эпидемиологиялық талаптарға сай жүргізіледі. Олар судың ішуге жарамды, не жарамсыз екенін жіті бақылап отырады. Біз олармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейміз» дейді технолог.

№1 және №2 сорғы-сүзгі стансасында қазіргі таңда шамамен 120-дан астам қызметкер тәулік бойы ауысыммен жұмыс істейді.

Сонымен қоса, мамандар судың кермектігін, түсін, дәмі мен иісін де жіті тексеріп отырады.

«Бұл салада қызмет етіп жатқаныма биыл 10 жыл. Мамандығым өзіме ұнайды. Әлбетте, кез келген жұмыстың қиындықтары болады емес пе? Мәселен, жоспардан тыс жөндеу жұмыстары болып қалады. Сол уақытта шұғыл әрекет етіп, мәселенің шешімін табуға тырысамыз. Тосын жағдайға кез келген уақытта дайын болуымыз керек. Біздің басты міндетіміз – қаланың сусыз қалмауы. Судың да шегі бар ғой. Оған қашан жететініміз белгісіз. Сондықтан халық ысырапшылдыққа жол бермей, суды үнемдеп пайдаланса деген ниетіміз бар. Үйдегі краннан аққан суда қаншама адамның еңбегі жатыр. Мұндағы негізгі ойым ақшада емес – еңбекте» дейді Жаннұр Қабылбеков.

Сабина КӘКІМЖАН





«АРОМАТТЫ» АРАЛАҒАНДА...

Ауылға да таңсық емес, сондай-ақ қала қазақтары да білек тұсына үйкеп, мойын мен құлақ астына сеуіп жүрген хош иісті әтір өндірісіне жол түскен. Мұнда ер адамға да, қыз-келіншектерге арналған түрі де бар екен. Балаларға да шығарыпты. Әмбебап иіссулар да жеткілікті. Тіпті көлігіңізге жұпар шашып, жатар бөлмеңізге жағымды иіс берер әтір де дайындайды.

Иә, сонымен, Астана қаласында орналасқан «Аромат» цехында болдық. 2020 жылы №1 индустриялық парктен ашылған өндіріс орны түрлі иіссу шығарумен айналысады. Шикізатын Италия мен Франция мемлекетінен алдыратын цехта көбіне-көп жастар жұмыс істейді. Барлығы – 100 қызметкер. Бір қызығы, мұнда арнайы мамандық қажет етілмейді. Жаңадан келген адамға цех басшылығы жұмыс барысын өздері үйретіп, арнайы оқыту курсынан өткізеді екен. Сондай-ақ қауіпсіздік шаралары да қатаң сақталып, арнайы жұмыс киімі беріледі.

«Өнімнің басым көпшілігі, яғни 85 пайызы сырт елдерге жіберіледі. Ал әтірдің сыртқы қорапшасын Қытайдан алдырамыз. Сондай-ақ құйылмалы әтірлер арнайы цистерналармен келген соң, өндірістегі зертханамызда түрлі хош иіс бойынша зерттеу жүргіземіз. Тауар маркасы қойылып, әр әтірдің өз коды бойынша экспортқа шығарылуда. Жалпы өнімдерді шығару кезінде біз ең жоғары сапалы шикізатты пайдаланамыз» дейді компанияның бас директоры Закир Биннатли.

Ал өндіріс залының басқарушысы Айдын Қайыржановтың сөзінше, өндіріс үш бөлімнен тұрады. Құйылу цехы, жеке зертхана және ғылыми орталық бөлімі, сондай-ақ тауарлар қоймасы. Сонымен қатар өндіріс орнының көрші елдерде 650 сауда нүктесі бар екен. Олар – Ресей, Молдова, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Түрікменстан және Тәжікстанда орналасқан. Сондай-ақ өз еліміздегі 80 дүкенге таратылады. Тіпті компания 2022 жылы өз өнімдерін Кувейт еліне де жіберіпті.

«Бір күнде 15 мың әтір дайындалады. Ал жыл бойынша 2,5 миллион әтір құтысын құюға цехтың қуаты жетеді. Ал көлеміне келсек, иіссу құтысының 2 миллиграмм өлшемнен бастап әртүрлі өлшеммен 100 миллиграмға дейін болады. Балалар, ер адамдар мен әйелдер пайдаланатын иіссудің сан түрінен бөлек, автомобильдің ішкі салонына, бөлмелерге арнайы қоюға арналған әтірлер дайындалады. Сондай-ақ әр қызметкердің өз атқаратын міндеті бар. Мысалы, бір маман құю жұмысымен айналысса, келесісі қорапқа қаптау немесе арнайы тауар кодын қоюмен айналысады. Ал енді бірі әтірдің сапасын қадағалайды» дейді Айдын Қайыржанов.

Айтпақшы, өндіріс қала сыртында орналасқандықтан, мұндағы қызметкерлерге арнайы автобус қарастырылған. Сондай-ақ компания тарапынан түскі ас тегін беріледі. Ал орташа жалақы – 350-400 мың теңге көлемінде.

«Қызметкерлерге әлеуметтік қолдаулар ұйымдастырылып тұрады. Мерекелерде сыйақы беріліп, жаңа оқу жылы немесе «Балалар күні» балабақша мен мектепке баратын балалары бар қызметкерлерге компания тарапынан арнайы сыйлықтар да ұйымдастырылады» дейді компания басшысы Закир Биннатли.

Өндірісті аралай жүріп байқағанымыздай, «Аромат» ЖШС өз мүмкіндігін жыл сайын ұлғайтып келеді. Былтыр цехтан 7,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліпті. Сондай-ақ бюджетке 119 млн теңге салық төлеген. Қазір жеке серіктестік қосымша парфюм өнімдерін сақтайтын қойма салып жатыр.

Жеке парфюмдік бренд қалыптастырып үлгерген компания көбіне-көп үлкен көлемдегі тапсырыстарды қабылдап жүр. Сондай-ақ тұтынушылар тарапынан әдейі өздері барып, ұнаған әтірін жекелей сатып алатындар жетерлік. Отандық тауарды дамытуға құлшыныс танытқан серіктестіктің барлық өнімінің бағасы да қолжетімді.

Бетті дайындаған **Ержан ҚОЖАС**

«AULAFIT» ЖОБАСЫ БАСТАЛДЫ

Уақыт өткен сайын Астанада халықты бұқаралық спортқа тартуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Соның дәлелі ретінде биыл жазғы және күзгі маусымда елорда тұрғындарына арналған «Aulafit» атты арнайы спорт жобасы іске қосылды.



Өткен жылы осы жоба аясында 15 кәсіби жаттықтырушы елорданың 30 ауласында тегін сабақ өткізіп, 3 мыңнан астам адамға спортпен шұғылдануға көмектескен. Бұл жоба салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, қала тұрғындары арасында белсенді демалысты дамытуға зор үлес қосуда.

«Бүгінде Астана қаласында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған кешенді іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асуда. Ұйымдастырылып отырған жоба – аталған бағыттағы маңызды бастаманың бірі. Жазғы демалыс кезінде балалардың аталған іс-шараларға тегін қатысуы – олардың бос уақытын тиімді өткізуіне, денсаулығын нығайтуына және зиянды әдеттерден, оның ішінде нашақорлықтан бойын аулақ ұстауына үлкен септігін тигізеді. Бұл – өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтын ұстануына жол ашатын игі бастама» дейді Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Азамат Ағзамов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асқан жоба қыркүйек айының соңына дейін тегін өтеді. Қатысам деушілердің жасына ешқандай шектеу қойылмайды.

– «Aulafit» жобасының елорда тұрғындары арасында салауатты өмір салты мен белсенді өмірге деген ұмтылысына айналғанына бесінші жыл толып отыр. Биыл жаттығулар қаламыздың 6 ауданы бойынша 30 аула алаңында өтеді. Сабақтар маусымнан қыркүйек айының соңына дейін, дүйсенбі мен сенбі күндері аралығында жалғасады, – деді «Aulafit» жобасының ұйымдастырушысы Айтжан Мусин.

Еске салайық, «Aulafit» жобасы алғаш рет 2020 жылы басталып, сол жылдың мамыр айынан бастап іске қосылған. Осы орайда жоба аясында тұрғындарды жаттықтырып жүрген білікті бапкер Әйгерім Уәлиева да өз ойымен бөлісті.

«Екі жылдан бері осы жобаға атсалысып келемін. Мен былтыр «Мадрид» тұрғын үй кешеніне жауапты болдым. Таңертең үлкен кісілерді, түстен кейін балаларды жаттықтырдым. Қатысушылар тек жүгіріп қана қоймай, йога, жалпы дене дайындығымен айналысты. Ал кішкентай жастағылардың қай спортқа бейім екенін анықтап, сол саланың бапкерлеріне айтып отырдық. Мысалы, былтыр 3 баламыз жеңіл атлетикамен кәсіби түрде айналысуға шешім қабылдады. Ал үлкен кісілеріміз ауламен ғана шектеліп қоймай, қалалық марафондарға қатысып үлгерді» дейді «Aulafit» жобасының бапкері Әйгерім Уәлиева.

Жоғарыда айтқандай, «Aulafit» жобасы дүйсенбі-сенбі аралығында елорданың 30 арнайы белгіленген мекенжайында өтеді. Сонымен қатар бір күннің әр сағатында белгілі бір жаттығу түрлері мен арнайы сабақтары бар. Яғни аға буын өкілдеріне арналған жаттығулар, ұлдар мен қыздарға арналған сабақ, 6-10 жас аралығындағы балаларға арналған жаттығулар, 11-15 жастағы балаларға арналған сабақ және жастарға арналған жаттығулар бөлек белгіленген уақыт бойынша жүреді.



Елордадағы Орталық саябақта қайта өңделген пластиктен жасалған алып мысық мүсіні орнатылды. Арт-нысан «Таза Қазақстан» экология акциясы аясында қала күнін мерекелеуге арналған «Мерекелік саябақ» отбасы фестивалінде тұрғызылған.

АЛЫП МЫСЫҚ ОРНАТЫЛДЫ

Фестивальдің басты алаңдарының бірі – үлкен мысық бейнесіндегі ерекше экологиялық арт-нысан орналастырылған арт-кеңістік. Инсталляцияның биіктігі – 4 метр, ені – 2,5 метр. Ал жоба идеясы эколог Мариям Қасымова жетекшілік ететін елордалық суретшілер мен экобелсенділер тобына тиесілі екен.



«Бұл – жай ғана көрме емес, кез келген адам өзгеріске үлес қоса алатын орнықты қаланың үлгісі. Көрме мен экобастама экология мен өнердің үйлесімді байланысын көрсетіп, тұрғындардың кеңістікті түрлендіруге деген ынтасын арттырды. Қонақтар шеберлік сабағына белсенді қатысып, қоқыс сұрыптауға қызығушылық танытты. Жалпы қазақстандықтар экологияға бей-жай қарамайтынын көрсетті» дейді Мариям Қасымова.

Фестиваль аясында саябақ ашық аспан астындағы жазғы демалыс ордасына айналғаны рас. Мұнда балалар, жастар, ата-аналар мен зейнеткерлер – бәрі де өздеріне қызықты іс тауып, мерекелік көңіл күйге бөленді. Ұйымдастырушылар да келушілерге тың эмоция мен ерекше әсер сыйлады.

Кинематографияны ұнататындарға қазақ тіліндегі мультфильмдер мен фильмдер көрсетілетін ашық аспан астындағы жайлы кинотеатр жұмыс істеді. Сонымен қатар балалар мен жасөспірімдер кәсіби суретшілердің жетекшілігімен сурет салып, шығармашылықпен айналысты. Соның ішінде ерекше жобаның бірі – ортақ баннер. Оған әр бала суретінің бір бөлігін қосып, нәтижесінде ұжымдық туындыны дүниеге әкелді.

Бұдан өзге кішкентай қонақтарға арналған театр қойылымдары да ұйымдастырылды. Әртістер ертегілер мен балалар спектакльдерін сахналап, бүлдіршіндерге алғашқы театр әсерін сыйлады. Фестиваль соңы жас орындаушылардың концерті және әсерлі фаершоумен аяқталды.

№80 (4824) 10/07/2025 Бейсенбі



ҚАЛА КҮНІНЕ – КІТАП МЕРЕКЕСІ


«Жетісу» саябағында Qala fest кітап жәрмеңке-фестивалі өтті. Фестиваль аясында кітап алмасу ұйымдастырылып, қатысушылар қазақ тілінде 500-ге жуық кітап әкелді. Мұның басым бөлігі – қазақ әдебиеті мен әлемдік классика туындылары.

Сонымен қатар «Таза Қазақстан» ауқымды экология бастамасы аясында арнайы қабылдау автоматтары – фандоматтар арқылы пластик бөтелкелерді, алюминий банкаларды және басқа да бос ыдыстарды тапсыруға мүмкіндік болды. Оның орнына сыйлықтар, бонустар, купондар мен тауарлар және қызметтерге жеңілдіктер берілді. Кейін бұл пластиктер сұрыптау және қайта өңдеу зауыттарына жеткізіледі. Qala fest фестивалі ашық аспан астындағы мерекелік концертпен аяқталды.

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Kitaphana fest» жобасы аясында Астана күніне орай «Жұлдызы жарқыраған Астана» атты кітап фестивалін ұйымдастырды. Іс-шараға Парламент Мәжілісінің депутаты Дәулет Мұқаев, мемлекет және қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазы, медиаменеджер, тележүргізуші Гүлмира Дайрабай қатысып, жобаға өз қолдауын білдірді. Фестиваль барысында белгілі қаламгерлер Олжас Қасым мен Әсет Сәдуақасовтың жаңа туындыларының тұсаукесері өтті. Қалалық 22 кітапхана жазғы маусымға арналған үйірмелер мен көрмелерін таныстырды. Әртүрлі бағыттағы шығармашылық шеберлік сағаттары мен кітап инсталляциялары, әдеби ойын алаңдары қала тұрғындарына ерекше көңіл күй сыйлады. Кеш барысында Жастар театрының актерлері өлеңдер оқыды.

ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШТАР БАЙҚАУЫ

Елордадағы Триатлон саябағында «Астана – болашақтың қаласы» жас өнертапқыштар байқауы өтті. Жас ұрпақтың жаңашыл идеясын, өнертапқыш қабілетін көрсетуге арналған іс-шараны елорданың Алматы ауданы әкімдігі ұйымдастырды.



Байқауға 5 бағыт бойынша барлығы 19 жоба, яғни 38 оқушы қатысты. Бұл бағыттар смарт құрылғылар (ақылды үй, тұрмыстық құрылғылар); робототехника және автоматтандыру; экологиялық инновациялар; мобильді қосымша немесе IT жүйесі; ұлттық нақыштағы заманауи жоба болып бөлінді. Әр команда өз өнертабысын көрсетіп, қазылар алқасына 3-4 минут көлемінде таныстырды. Мәселен, Әбіш Кекілбаев атындағы BINOM мектеп-лицейінің оқушылары «Smart yurt – заманауи киіз үй» жобасын, «Елордалық экоферма – таза өнім өндіру» жобасын, Мұқағали Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназия оқушылары «Құлтемір Темірбек» – робот жобасын, Райымбек батыр атындағы №50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінің оқушылары «Сабын бүріккіш» – тұрмыста қолданылатын автоматтандырылған құрылғы» жобасын және т. б. ұсынды.

Бес адамнан құралған қазылар алқасы жобаларды бағалау кезінде идеяның жаңалығын, қолдану аясын, жобаның қорғалуын, дизайны мен құрылымын, сондай-ақ экологиялық, әлеуметтік маңызын ерекше назарға алды. Байқау соңында жеңімпаздар дипломдармен және арнайы сыйлықтармен марапатталды.

КӨРМЕ-ЖӘРМЕҢКЕНІҢ ҚЫЗЫҒЫ

«Ғашықтар» саябағында «Nura fest» қалалық көрме-жәрмеңкесі өтті. Үш күнге созылған іс-шарада жас кәсіпкерлер, қолөнершілер, шеберлер мен жергілікті дизайнерлер өз бұйымдарын ұсынды.

– Қала күні – әр астаналық үшін ең маңызды мереке. Біз тұрғындар мен қонақтар үшін мерекелік атмосфера қалыптастыру мақсатында мүмкіндігінше көп орындарды қамтуға тырыстық. Соның бірі – осы «Ғашықтар» саябағы. Бұл саябақ бұрыннан танымал серуендеу орнына айналған. Біз адамдардың аллеямен өтіп бара жатып, мерекенің рухын сезініп, оның атмосферасынан ләззат алғанын қаладық, – деді Нұра ауданы әкімі аппараты ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы Руслан Сәбитов.

Фестивальге қатысқан 30 қатысушы авторлық өнімдерін, қолөнер бұйымдарын және этнодизайн үлгілерін ұсынды. Жәрмеңкеде қазақстандық өндірушілер мен брендтерге ерекше көңіл бөлінді. Өз өнімдерін жас шеберлер де таныстырды. Антон Майба жұбайы Нұргүлмен бірге қолөнер бұйымдарын таныстырды. Дәстүрлі қазақ ою-өрнегімен безендірілген сөрелерде декоративті бұйымдар, әшекейлер мен киімдер де бар.

ДОМБЫРА САЛТАНАТЫ

Астана күні мен Ұлттық домбыра күні қарсаңында елорданың «Нұржол» бульварында дәстүрлі Dombyra party ұйымдастырылды.



Іс-шараны блогер Алмас Алтай қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Есіл ауданы әкімдігінің қолдауымен өткізді. Мақсаты – ұлттық болмысты нығайту, жастардың дәстүрлі мәдениетке қызығушылығын ояту және ұрпақтар сабақтастығын қолдау.

Ашық аспан астында домбырамен күй, терме, эпостық жырлар мен халық әуендері орындалды. Шараның ерекшелігі – кез келген адам дайындық деңгейіне қарамастан сахнаға шығып, домбырамен өнер көрсетуі.

«Домбыра – жай ғана музыкалық аспап емес, халқымыздың шынайы тарихы. Ол дала рухын, ата-бабамыздың даналығын, қазақ сөзінің қуатын жеткізеді. Мұндай шаралар ұлттық сана мен мәдениетке деген құрметті қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Әсіресе жастардың терме, күй, жыр, дастанға қызығушылық танытып жатқаны қуантады. Бұл дәстүрдің жалғасып жатқанын білдіреді» деді Есіл ауданы әкімінің кеңесшісі Құралай Слямбекова.

Алмас Алтайдың айтуынша, кеште тек бір ғана музыкалық аспап – домбыра қолданылған. Алайда әр қатысушы өзінше ерекшеленді: бірі домбырамен заманауи хиттерді орындаса, енді бірі дәстүрлі халық әндерін тарту етті.

ӘРТІС БОЛУ АРМАНДАРЫ ОРЫНДАЛДЫ

Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында «Армандар орындалады» атты спектакльдің премьерасы өтті.



Қойылым Астана күніне орай Жұмысшы мамандықтары жылы аясында сахналанды. Спектакльдің авторы әрі режиссері – Нұржігіт Мүсілімов. Кейіпкерлері – агроном, сантехник, электрик, мұғалім, бағдарламашы, құрылысшы, дәрігер, аспаз, даяшы және еңбек қауіпсіздігі инженері. Олардың барлығы бір жатақханада тұрады. Бұл қоғамның шағын моделі іспетті, мұнда әркім өз рөлін атқарады. Барлығын үйлестіріп, байланыстырушы ретінде комендант Айжан бейнеленеді. Басты кейіпкер – өзінің болашақ мамандығын таңдай алмай жүрген жас жігіт Дархан. Қойылым барысында кейіпкерлер сахнадан өз мамандығына қалай келгенін әңгімелейді.

Автор Нұржігіт Мүсілімовтің айтуынша, басты мақсат еңбек адамының бейнесін насихаттау, қандай мақсатпен, не үшін жұмыс істейтінін көрсету болды. Қойылымның ерекшелігі – әртүрлі мамандық иелері сахнада өздерін сомдауы. Олардың қатарында Астанадағы №85 мектеп-лицейінің мұғалімдері, дәрігер-интерн, даяшы, бағдарламашы және электрик бар. Оларға төрт кәсіби актер көмектесті. Купидон рөлін Ерхат Жеңісбек ойнады. Ол – Астана медицина университетінің студенті. Дәрігер-интерн бола тұра, бала күнінен актер болуды армандаған оның арманы орындалды.

АСЫЛ МҰРАНЫ ДӘРІПТЕДІ

Астана күні мен Ұлттық домбыра күніне орай «Асыл мұра» ұлттық музыка кеші ұйымдастырылды.



Концерт барысында халық композиторларының шығармалары мен қазақ фольклорының музыкалық туындылары орындалды. Бейбітшілік және келісім сарайының сахнасында Қазақстанның халық әртістері Айгүл Үлкенбаева мен Айгүл Қосанова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Ахат Байбосынов, Айгүл Елшібаева, Елмұра Жанаберген, Ақан Әбдуәли, Ардақ Балажанова, Медет Салықов, Клара Төленбаева, Қайрат Кәкімов, Ерболат Шалдықбеков, Өзгеріс Шерікбай, Перизат Тұрарова, Әйгерім Нартүйе, Серік Жақсығұлов және Ұлболсын Кенжебай өнер көрсетті. Көрермендер фольклорлық-этнографиялық «Қорқыт» ансамблі мен «Contrasst» би театрының да қойылымдарын тамашалады. Кеш барысында ұлы Абайдың 180 жылдығына орай оның шығармалары мен басқа да тамаша туындылар орындалды.

№80 (4824) 10/07/2025 Бейсенбі

МАҢЫЗДЫ ГЕОСАЯСИ ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛДЫ

Күні кеше ғана Астана күні мейрамы кең ауқымда аталып өтті. Қала қонақтары мен тұрғындары жүзеге асып жатқан жүйелі жұмыстарға жоғары бағасын берді. Әр қазақ бас қаланың жарқын келешегіне үлкен үміт артады.



Астана – Қазақ елінің абыройы, мақтанышы! Бүгінгі таңда елордамыз Орталық Азиядағы ірі мегаполиске айналды. Мысалы, 1998 жылы қала тұрғындарының саны 300 мың болса, 2025 жылғы 1 мамырдағы мәлімет бойынша, қазір Астанада 1 млн 558 мың 501 адам тұрады. Табиғи өсім негізінде 2030 жылы 2 млн адамның құтты мекені болмақ.

2023 жылы өз сөзінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әлемдік саясатшылар Астананы бейбітшілік алаңы дейді. Ұстанымы бөлек, мүдделері кереғар елдер осында бітімге келді. Келешекте де Астана біздің геосаяси аймақтағы маңызды орталық ретінде дами бермек» деді.

Шынымен де, Астана Қазақстанның бас қаласы, іскерлік, саяси және мәдени орталығы болумен қатар, жаһандық геосаяси мәселелерді талқылайтын ынтымақтастық пен бітімгершілік алаңына айналды. Мұнда әлемнің белді саясаткерлерінің, шетел үкіметтері басшыларының, бизнес және дипломатия өкілдерінің қатысуымен жаһандық деңгейде көптеген халықаралық форумдар мен саммиттер, маңызды кездесулер тұрақты түрде өтіп келеді.

Жақында ғана Астана халықаралық форумы табысты өтті. Мамыр айының соңғы күндері бірінші рет «Орталық Азия+Италия» саммиті Астана қаласында өтті. Саммитте қабылданған декларацияда Италия Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытуға қолдау білдіріп, Италия тарапы осы бағыттағы жобаларға қатысуға мүдделі екенін мәлімдеді. Орталық Азия елдері басшылары мен Италия Министрлер кеңесінің төрағасы қатысқан мұндай басқосулар алдағы кезеңде басты басымдық беріліп отырған сауда-экономикалық қарым-қатынастың тұрақты өсуіне, инвестициялар тартуға және шағын, орта кәсіпкерлікті қолдауға ықпал ететіні анық.

17 маусым күні өткен «Орталық Азия – Қытай» саммитінің де мәні өте зор. Оған ҚХР Төрағасы, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан басшылары қатысты. Бұл Орталық Азия мемлекеттерінің тату көршілік қатынасын, өзара тиімді ынтымақтастығын, сенімі мен ортақ күш-жігерін нығайта түседі. Жаңа келісімдерге қол жеткізілді.

Астана түркі елдерінің де жиі бас қосатын, ортақ мақсат жолында іргелі жобаларды жүзеге асыратын алаңы болып отыр. Сонымен қатар осы жылғы 24 маусымда Мемлекет басшысының қатысуымен Шетелдік инвесторлар кеңесінің 37-пленарлық отырысы болып өтті. Бұл Қазақстан мен оның халықаралық серіктестері арасындағы стратегиялық ықпалдастықты одан әрі нығайта түсуге ықпал етеді.

Спорттан әлемдік және халықаралық жарыстар өтуде. Соның бәрі Астана мәртебесін көтеруде. Халықаралық аренадағы күрделі жағдайға қарамастан, елімізде ауқымды экономикалық және институционалдық реформалар жүргізілді. Экономикада тұрақты өсім бар. Шетелден тартылған инвестиция көлемі тұрақты өсуде. Транскаспий халықаралық көлік бағытымен тасымалдайтын жүк көлемі де жыл сайын қарқын алуда. Цифрлық технологияны қолдану қарқынды дамуда. Халықтың ауқатты өмір сүруіне ықпал ететін әлеуметтік саланың көрсеткіштері де жақсаруда. Жаңа әлеуметтік сала нысандары (мектептер, медицина мекемелері, тұрғын үйлер) бой көтеруде.

Астана қаласында қаланы электр энергиясымен, жылумен, сумен қамтамасыз ету бойынша бірқатар жаңа нысан («Оңтүстік-Шығыс», «Тұран» газ жылу станциялары) салынып, пайдалануға берілді. Елордамызда көлік жүйесін кешенді дамыту бағдарламасы қолға алынуда. Әлемнің дамыған елдерінде, соның ішінде тұрғындары өте тығыз орналасқан Сингапур, Сеул және басқа қалаларда жеке автокөліктен гөрі жоғары сапалы қоғамдық көліктер қызметін арттыру бағытында іргелі істер атқарылуда. Біздің елде де осындай ұтымды жобалар жүзеге асқаны жөн.

Елордада өнер мен мәдениетті, рухани байлықты насихаттайтын орындардың қатары еселеп өсті. Атап айтқанда, 1990 жылдардың басында Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры, М.Горький атындағы орыс драма театры және Қуыршақ театры болған еді. Ал қазір аталған ұжымдарды қоса алғанда, Астана Опера, К.Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры, Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры, Жастар театры, Музыкалық жас көрермен театры, «Наз» мемлекеттік би театры және басқа да өнер ордалары халыққа құнды дүниелерді ұсынуда.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мегаполистердің табысты болуының басты көрсеткіші оның тұрғындарының өмір сүру сапасымен өлшенуге тиіс. Сондықтан елорданы дамыту және абаттандыру кезінде «адам қала үшін емес, қала адам үшін» қағидатын басшылыққа алу маңызды» деген болатын. Тұрғындар қолайлы өмір сүруі үшін бас қала жайлы болуы керек. Осы мақсатта көптеген іргелі іс атқарылды. Бұрын жалғыз Орталық саябақ болған еді. Бүгінгі таңда соның қатарына «Жеруйық», «Жетісу», «Президент», Триатлон, «Көктал», «Ғашықтар» саябағы және Ботаникалық бақ, сондай-ақ Күйшілер, Қаламгерлер және Жұбановтар аллеясы қосылды. Бұдан басқа да көптеген демалыс аумақтары, бульварлар, гүлзарлар, сәулетті ойын алаңдары, балалар мен спорт алаңқайлары бой көтергені, арнайы велосипед жолдары салынғаны анық. Қаланың әрбір шағын ауданы мен орамдарын жасыл желекпен қамту ісі жалғаса берсе, өте орынды болатыны сөзсіз.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз қала аудандарын дамыту ісіндегі теңсіздікті жоспарлы түрде жоюымыз керек. Орталық көшелерді ғана жарқыратып қойып, қаланың шеткері аудандарына көңіл бөлмеу әділетті қоғам идеясына сай келмейді» деді. Осы орайда, соңғы жылдары қаланың шеткі аудандарын абаттандыру жұмыстары жүйелі қолға алынғаны барша тұрғынды қуантып отыр. Яғни тек қана даңғылдар мен басты көшелерді ғана емес, қаланың барлық ауданын, тұрғын үй алаптарын қамтып, балалар ойнауға арналған және үлкен адамдар тынығып отыратын демалыс аймақтарын салу жобасы сәтті жүзеге асуда.

Іргелі істерді атқаруда Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек бастаған ел азаматтарының еңбегі мол. Ұтымды шешімдер қабылдап, қаланың көркеюіне үлес қосып отырған елордалық мәслихаттың да қызметін ел-жұрт жоғары бағалайды. Жаңа жобалар халықтың қолдауына ие болуда. Ал енді көшелер мен аулаларымызды таза ұстау – басты міндеттің бірі. Ол үшін тазалықты сақтау бағытында адамдардың санасын өзгерту қажет. Әрбір тұрғынның ойында: «Бұл – менің қалам, оны таза ұстауым керек» деген қағидат болуы тиіс. Бұл пайымды жас ұрпақтың санасына сіңіре берген жөн.

Астана – асқақ армандар орындалатын, мол мүмкіндіктерді жүзеге асыратын қала. Бұл – өнерлі жастардың дарыны жарқырап көрінетін сахна төрі!

Елордамыз өсіп-өркендей берсін! Әлем алдындағы беделі арта берсін!

Гүлнәр СЕЙТМАҒАНБЕТОВА,
қоғам қайраткері,
Астана қаласы

«ӘСКЕРИ КЕРНЕЙ» ӘУЕНДЕРІ

Елордада еліміздің күштік құрылымдарының үздік шығармашылық ұжымдарының басын қосқан «Әскери керней» XI әскери-музыкалық фестивалі өтті. Іс-шара дәстүрлі түрде Астана күніне орай ұйымдастырылды.

«Әскери керней» фестивалі әскери-музыкалық өнерді дамытуға, күштік құрылымдар мен қоғам арасындағы мәдени байланысты нығайтуға, сондай-ақ жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге бағытталған.

Фестиваль аясында елорда тұрғындары мен қонақтарына ерекше өнер тарту еткендер қатарында Президенттік оркестр, Мемлекеттік күзет қызметінің оркестрі, ҚР Қарулы күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының орталық әскери оркестрі мен ансамблі, Қорғаныс министрлігінің орталық ансамблі, сондай-ақ ҰҚК Шекара қызметінің орталық ансамблі болды.

Концерттер қаланың бірнеше саябағында – «Ғашықтар», «Жеруйық» және «Жетісу» алаңдарында ашық аспан астында өтті. Әскери-музыкалық шараның шарықтау шегі – Қазақ елі алаңында өткен салтанатты гала-концерт. Онда әскери оркестрлер мен ансамбльдердің ең үздік қойылымдары көрермен назарына ұсынылды.





ЖАСТАР ЖАЛЫНЫ

Астана күніне арналған мерекелік бағдарлама аясында «Қазақ елі» монументі алаңында ашық аспан астында «Jastar energy» атты жастар концерті өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – жастар шығармашылығын қолдау, заманауи өнерді дәріптеу және мәдени белсенділікті арттыру. Концерт барысында көрермендерге танымал орындаушылар мен жас таланттардың қатысуымен әсерлі музыкалық қойылымдар ұсынылды. Сахна төрінде Қазақстан эстрадасының жарық жұлдыздары өнер көрсетті. Олардың қатарында Мирас Жүгінісов, Артур, Ерлан Қанатұлы, Madistation, Jazzdauren, Сейфуллин Жолбарыс, Айгүл Иманбаева, Ғаділбек Жанай, «Дос», Досымжан Таңатаров, Нұрлан мен Мұрат сынды өнер иелері бар.

«Jastar energy» – бұл жай ғана концерт емес, елордалық жастардың шығармашылық әлеуетін танытатын, жаңа идеялар мен мүмкіндіктер тоғысқан ерекше мәдени алаң. Заманауи форматта ұйымдастырылған бұл шара қала тұрғындарына мерекелік көңіл күй мен жағымды әсер сыйлады.



№80 (4824) 10/07/2025 Бейсенбі

Осыдан тура 5 жыл бұрын, 2020 жылы еңбек нарығының сарапшылары 5 жылдан кейін жасанды интеллект (ЖИ) бірқатар мамандықтарды жояды деген болжам жасаған. Болжам бойынша, 2025 жылы «ақылды» машиналар мен жасанды интеллект 85 млн-ға жуық жұмыс орындарын алмастыратыны айтылған. Расында да осы болжам жартылай болса да дәл келді. Жасанды интеллект еңбек нарығын өзгертті. Бірақ ол жұмыстардың бәрі жойылып кетті деген сөз емес. Адамдар өзінің атқаратын міндетін жеңілдету және уақытын үнемдеуі үшін жасанды интеллектті өмірге көбірек енгізуге кірісті.



ЖИ


ҚАЙ КӘСІПТІ ЖОЯДЫ?



Төлен ТІЛЕУБАЙ

ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ҮҢІЛЕТІН БОЛСАҚ, 2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ШАМАМЕН 25 ПАЙЫЗЫН ӨЗГЕРТЕДІ. КЕЙБІР САЛАЛАРДА ОЛ ЕНДІ КӨМЕКШІ ҒАНА ЕМЕС, АДАМДЫ ТОЛЫҚҚАНДЫ АЛМАСТЫРАДЫ. БІРАҚ БҰЛ МИЛЛИОНДАҒАН АДАМДАР ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛАДЫ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕ МЕ? ӘЛБЕТТЕ, ЖОҚ

Мысалы, қазір копирайтерлер ЖИ-дің көмегімен контент жасайтын құралдармен жұмыс істейді. Дәрігерлер медициналық құжаттаманы жасауға жасанды зердені пайдаланады. Қаржы аналитиктері ЖИ-дің көмегімен алынған мәліметтерге сүйене отырып, болжам айтады. Киберқауіпсіздік мамандары қауіп-қатердің бар-жоғын ЖИ-дің сараптамасымен анықтайды. Осылайша, табиғи зердеге жасанды интеллект қосылып кез келген қауіптің алдын алуға болатынын адамдар біліп отыр. Бір заманда компьютерлер төңкерісі деген болып еді. Жасанды интеллект төңкерісі де соған ұқсайды.




ЕҢБЕК САЛАСЫН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕДІ?

Жасанды интеллект технологиялары керемет қарқынмен дамып келеді және олар қазірдің өзінде еңбек нарығын өзгертуде. Кейбір мамандар нейрондық желілердің өз міндеттерін қалай қабылдайтынын алаңдаушылықпен бақылайды, ал басқалары жаңа дағдыларды игереді және осы цифрлық төңкерісте даму мүмкіндіктерін табады. Жақын арада бізді не күтіп тұр? Жасанды интеллект кімнің жұмысын алмастырады? AI еңбек әлемін қалай өзгертеді?

Зерттеулерге үңілетін болсақ, 2030 жылға қарай жасанды интеллект мамандықтардың шамамен 25 пайызын өзгертеді. Кейбір салаларда ол енді көмекші ғана емес, адамды толыққанды алмастырады. Мұның себебі қарапайым: машиналар тезірек, дәлірек жұмыс істейді және шаршамайды. Олар жалақы, демалыс сұрамайды, ауырып жұмысқа шықпай қалуы деген жоқ.

Бірақ бұл миллиондаған адамдар жұмыссыз қалады дегенді білдіре ме? Әлбетте, жоқ. Тарихқа шегініс жасасақ, технологиялық төңкерістер кейбір кәсіптерді жойғаны мәлім, бірақ оның орнына жаңа кәсіп пайда болғанын біліміз. Интернет өмірімізге дендеп енгеннен кейін, компьютерлер дәуірі келді. Ал қазір біз жасанды интеллект дәуірінің табалдырығында тұрмыз. Алдағы жылдары ЖИ мынадай 11 кәсіпті алмастырады: байланыс орталығының операторы, кассир, кондуктор немесе қоғамдық көлік бақылаушысы, көлік жүргізушісі, есепші немесе қаржылық аналитик, заңгер, аудармашы, курьер, копирайтер, күзетші, кеңсе қызметкері.

Мысалға, байланыс орталығы операторының жұмысын алайық. Чатботтар мен дыбыстық көмекшілер көп сұранысты шешеді. Нейрондық желі бір уақытта мыңдаған қоңырауды өңдей алады. Олай болса, 10 адамға еңбекақы төлеудің не керегі бар? Кассирлерге сұраныс та солай. Дүние жүзіндегі супермаркеттер өзіне-өзі қызмет көрсететін кассаларды белсенді түрде қолданысқа енгізуде. Өздігінен жүретін көліктер қазірдің өзінде кейбір қалаларда бар. Олар әлі мінсіз емес, бірақ 5-10 жылдан кейін таксидің, ауыр жүк көліктерінің жүргізушілеріне ешқандай сұраныс болмауы мүмкін. Есепшінің жұмысын алмастыратын AI деректерді лезде талдайды, қателерді табады және тіпті қаржылық тәуекелдерді болжайды. Заңгердің жұмысын да ЖИ алмастырады. Стандартты келісім-шарттар жасау, құжаттарды тексеру және ақтауға себеп болатын жағдайды табу – нейрондық желілер бұл жұмыстарды адамдарға қарағанда жақсырақ атқарады. Қазіргі заманғы машиналық аударма жүйелері (мысалы, DeepL) техникалық мәтіндердегі мамандардан кем түспейді. Курьердің жұмысы тарихтың бір бөлігі болып қалуы мүмкін. Дрондар мен жүк жеткізуші роботтар қазір қиял-ғажайып емес, шындыққа айналды. ЖИ күзетшінің жұмысын оп-оңай алмастырады. Адамның бетжүзін танитын камералар мен қозғалыс сенсорлары тәулік бойы қалтқысыз жұмыс істейді. Копирайтердің жұмысы да роботқа көшірілді.



AI-жүйелер кеңседегі қызметкер атқаратын күн тәртібін нақтылау, электрондық поштаны ашу, басшының кездесулері, құжаттармен жұмыс істеу сияқты міндеттерді тез, қатесіз іске асырады. Корпоративтік ұжымдар бизнес-ассистенттерді қолданысқа енгізіп жатыр, нәтижесі де жақсы.

ҚАЙ САЛАЛАРҒА ЕНІП ЖАТЫР?

Жасанды интеллект білім беру саласына да енгізіліп жатыр. Тіпті, ҰБТ-ның сұрақтары ЖИ-дің көмегімен дайындалатынын біреу білсе, біреу білмейді. 2025 жылдың 3 тоқсанында іске асырылатын жобаға жабық бөлмелерде тесті тапсырмаларын дайындауға арналған жүйе кіріктірілген. Ол жасанды интеллектінің көмегімен тапсырманы жасап, жүйеге жүктейді және клондайды. Ғылым және жоғары білім министрлігінің цифрландыру және мемлекеттік қызметтер департаментінің директоры Нұрсұлтан Махатовтың айтуынша, ЖИ-дің бұл салаға енгізілуі бірегей тестілік тапсырмалардың санын көбейтуге, сұрақтарды дайындауда субъективтілікті төмендетуге, техникалық тапсырмаларды дайындаудағы шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.



Отандық тергеушілер жасанды зерденің көмегімен қылмыстық істерді ашуға кірісті. ІІМ жүзеге асырған қанатқақты жобаның бір айырмашылығы, кәдімгі тергеушінің көмекшісі – жасанды интеллект. Бұл жоба Есіл ауданының полиция бөлімінде қолға алынған. Жаңа жүйе «Сотқа дейінгі тергеулердің бірыңғай тізіміне» қосылған. Ол мәтінге сөзді аударып қосу, куәгерлердің сөздерін салыстыру және ондағы қарама-қайшылықты табу, тергеуге қажетті қосымша сауалдарды құрастыру, процессуалдық құжаттарды автоматты түрде түзу сияқты қиын жұмыстарды атқарады. Жасанды интеллектің төрт модулі бар: тергеуді жоспарлау, куәгерлердің берген жауаптарын өңдеу, құжаттарды дайындау, іске сараптама жасау. Қылмыстық іс тіркелген сәттен бастап нейрожелі іс-қимылдар жоспарын ұсынады. Ол кімді тергеуге шақыру, қандай экспертиза жүргізу қажеттігін анықтап, жаңа мәліметтерге сәйкес оған өзгерістер енгізеді.

Алайда жасанды интеллект пайдасымен қоса зиянын да тигізіп отырғанын жоққа шығармаймыз. Оған дәлел – телефон арқылы жұртты сан соқтырып жүрген алаяқтар ЖИ-дің көмегімен қазақша сөйлей бастады. Ішкі істер министрлігінің өкілдері қандай да бір бөтен нөмірден қоңырау түскенде арғы жақтағы дауыстың дұрыс-бұрыстығына, сөйлеп тұрған адамның көңіл-күйінің болу-болмауына назар аудару қажеттігін айтады. Өйткені, алаяқтар басқа біреудің дауысын салып, хабарлама жібере алады, қоңырау соға алады. Мысалы, арғы жақтағы дауыс «Мен құқық қорғау органының қызметкерімін», «Мен банк қызметкерімін» деп өзін таныстырып, я болмаса туыс адамның кейпінде сөйлеуі мүмкін. Тіпті, алаяқтар белгілі тұлғалар мен туыстардың бейнесін көрсету үшін дипфейктерді қолданады, осыдан да өте сақ болу керек. Жақында дүйім жұртты қайран қалдырған тағы бір ғылыми жаңалық жария болды. Алматыдағы Қазақ ұлттық университетінің зерттеушісі, жас ғалым Ажар Тұрсынова жасанды интеллектің көмегімен инсультті алдын ала анықтай алатын жүйені ойлап тапты. Ғалымның айтуынша, инсульттің кәдімгі диагностикасына қазір көп уақыт жұмсалады және ақысы да қымбат. Дәрігерлер аппаратқа түсірілген суретті қолмен зерттейді. Мұндай жағдайда суреттегі бейнелер анық болмаса, қателесуі әбден мүмкін. «Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласындағы күрмеуі шешілмеген мәселенің бірі – инсульт. Оның диагностикасына әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданамыз, бұл үдеріс ұзаққа созылады. Ал мен ойлап тапқан тәсіл өте оңай. Жасанды интеллектің көмегімен тез, дәл диагностика жасалады, медициналық суреттерді толықтай және дәлме-дәл талдауға және салыстыруға болады. Мұндай жағдайда науқас адамның уақыты үнемделеді» дейді Ажар Тұрсынова. Ғалымның жаңалығы патенттеліп, ғылыми зерттеулерінің нәтижесі ғылыми журналдарға шығыпты. Алдағы уақытта ол дәрігерлер науқастарға жедел көмек көрсетуі үшін өзінің жаңалығын қазақстандық емханаларға енгізетініне сенімді.




ҚАЙ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІН АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ?

Диагностикадағы технологиялардың қарқынды дамуына қарамастан жасанды интеллект дәрігердің жұмысын толық алмастыра алмайтыны анық. Мысалы, хирург-дәрігердің кез келген жағдайда жедел шешім қабылдай алатын қабілеті бар. Психиатр-дәрігер де тура солай. «Жасанды интеллект қандай мамандықтарды алмастыратынын нақты білмеймін, бірақ дәрігерлерге алаңдаудың ешбір негізі жоқ. Өйткені ол өзінің жұмысында көптеген факторларды салыстырып қарап, науқастың ауруының белгілеріне және емдеу үдерісіне назар аударады. Науқас адамның ұлтына, өмір сүретін жеріне де көп нәрсе байланысты. Біз зертханалық тексерістердің нәтижелеріне ешқашан күдікпен қарамаймыз. Ал компьютер мұны істей алмайды. Біздің мамандығымызда ең маңыздысы – тәжірибе, біліктілік» дейді интегративтік терапевт-дәрігер, анемия және темір тапшылығын емдеу жөніндегі маман Елена Барсукова.

Нейрожелілер алмастыра алмайтын мамандықтың бірі – мұғалім. Белгілі бір бағдарлама білім беруге көмектесе алады, алайда толықтай мұғалімнің жұмысын атқаруы мүмкін емес. Біріншіден, мұғалім балаға мейірімін төгеді. Екіншіден, өмірлік жанашырына, ұстазына, тәрбиешісіне айналады. Балаларға эмоционалдық жағынан қолдау аса қажет. Сонымен қатар, мотивациялық және жеке дара ақыл-кеңес беру, алға жетелеу, кітап оқуға және ғылымға қызықтыру деген нәрселерді ешбір ЖИ бере алмайды.

Психологтар мен психотерапевттерге де ешқандай қауіп жоқ. Адамдар қазір виртуалды психологтың да жәрдеміне жүгініп жүр. Мысалы, үрей және сенімсіздікпен, күйзеліспен күресудің жолдарын ұсынатын чат-боттар шықты. Бірақ терапия сеніммен егіз. Қандай «ақылды» робот болса да адам баласының көңіл-күйін, күйзелген кезін дәп басып анықтап, түсініп оған қажетті көмегін бере алмасы анық, өйткені ол белгілі бір шаблонмен ғана әрекет етеді. Оның жан-дүниесі жоқ. Әлеуметтік қызметкерлер де осы топқа жатады. Яғни, қарттармен, мүгедектермен жұмыс істейтін жандардың да кәсібін ешбір робот тартып ала алмайды.



Бұл топқа суретшілерді, музыканттарды, жазушыларды, қорғаушыларды, судьяларды, зерттеуші-ғалымдарды да жатқызамыз. ЖИ қазір сурет салады, ән шығарады, әңгіме жазады. Бірақ кез келген өнер туындысы – мәліметтерді жинақтау ғана емес, ол адамның көңіл-күйі мен жан-дүниесінің күйін көркем тілмен, образбен оқырманға жеткізе алу. Мұндай іс жасанды зерденің қолынан келмейді.

Жасанды интеллект ақпараттар мен фактілерді талдай алады, бірақ адам баласы сияқты пікір айта алмайды, жағдайды бағамдай алмайды. Юриспруденция дегеніміз – бұл логика, этика, әділеттілік. Бұл орайда ЖИ соттағы қорғаушының жұмысын да, судьяның қызметін де алмастыра алмайды. Судья – айыпталушының өмірі мен тағдырына қатысты үкім шығаратын адам. Оның кәсіби дағдысы, шеберлігі, тәжірибесі және адамгершілік ұстанымы роботтың бойында жоқ. Неліктен ЖИ шығармашылық мамандықтарды алмастыра алмайды? Себебі сол, оның шығармашылық тұрғыдан ойлауға, пайымдауға қабілеті жоқ. Бір анық нәрсе бар, ол жасанды зерде ғылыми жаңалықтар үдерісін жылдамдатады. Бірақ ғалымдардың креативтік ой-санасын ауыстыруға қауқарсыз. Ғылымдағы адамды таң қалдыратын гипотезалар мәліметтерді талдаудан емес, интуициядан пайда болады. Машиналардың ішкі мотиваторы жоқ, этикалық ұстанымы болмайды. Яғни, жасанды интеллект жаңалық ашатын ғалымның жұмысына қауіп төндіре алмайды.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ЕРКІН МІНБЕР МЕ?

Бүгінгі қоғамда әлеуметтік желі – жай ғана байланыс құралы емес, ол ой алаңы, мінбер, тіпті билікке ықпал ететін күшке айналды. Әлеуметтік желіде бір постпен қоғамдық пікірді өзгертуге, қоғамды дүрліктіруге немесе әділеттілікке жол ашуға болады. Бірақ бұл ашық алаң әрдайым пайдалы ма? Жоқ. Оның екінші жағы – қауіп, буллинг, фейк ақпарат пен тәуелділік.



ЕРКІН МІНБЕР БОЛА АЛҒАН КЕЗДЕР

Журналист әрі медиа сарапшы Серік Бейсембайұлы:

«Әлеуметтік желі – қазіргі заманның «ауылнай радиосы». Бірақ айырмашылығы, енді бұл радио кез келген адамды естірте алады» деп жазады.

Шынында да, ауыл тұрғыны да, жас мұғалім де, зейнеткер де өз ойын еркін айта алатын ашық орта пайда болды.

2023 жылы Шығыс Қазақстанда ауыл мектебіндегі апатты жағдайды мұғалім Instagram арқылы жариялағаннан кейін, бұл мәселе облыс әкімінің назарына ілігіп, жөндеу жұмыстары басталған. Бұл – әлеуметтік желінің билік пен халық арасындағы көпірге айналғанының бір ғана дәлелі.

ҚАУІПСІЗ АЛАҢ ЕМЕС

Дегенмен, бұл еркіндікті кейде өзіміз-ақ уысымыздан шығарып аламыз. Әлеуметтік желіде бос сөз, жалған ақпарат, шындыққа жанаспайтын айыптаулар кең тараған.

Ақпарат саласының үздігі, журналист Гүлмира Сұлтанбаева былай дейді:

«Әлеуметтік желі – ақпарат тасқынының қайнаған ортасы. Бірақ әр тасқын – апат әкелуі мүмкін. Сол себепті әр адам желідегі әр сөзі үшін жауапты екенін ұмытпауы керек».

Қазіргі таңда әсіресе фейк жаңалықтар мен манипуляциялық контент көп. 2020 жылы ел арасында «пандемия – қолдан жасалған» деген жалған ақпарат кең тарап, вакциналауға қарсы қозғалыс күшейді. Бұл жағдай адамдардың денсаулығына зиян келтіріп, медицинаға деген сенімге сызат түсірді.

ҚОРЫТЫНДЫ: ЕРКІНДІК + ЖАУАПКЕРШІЛІК

Әлеуметтік желі – еркін ой мен шындықтың алаңы бола алады, бірақ ол үшін әр адам ақпаратты таратуда сауатты, пікір айтуда жауапты болуы керек.

Мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әуезов бір сөзінде:

«Ақпарат – ұлттың тағдырына әсер ететін фактор. Біз сөз мәдениетін жоғалтсақ, еркіндік те өз құнын жоғалтады» деген еді.

Яғни, әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану – бұл техникалық емес, рухани мәдениеттің мәселесі. Ой еркіндігі мен сөз жауапкершілігі қатар жүруі керек. Сонда ғана желі – қауіп емес, қоғамды жаңартатын құрал бола алады.

Хамза РАМАЗАН

Қазақстанда күрмеуі шешілмеген екі мәселе бар еді. Оның біріншісі – ЛРТ құрылысы. Тұралап қалған тірлік тікелей Мемлекет басшысының тапсырмасымен қазір шешімін тапты. Ал екінші түйткіл – РОП жұмысын жүйелендіру проблемасы әлі күнге дейін толық шешілмеді.

ҚАЛДЫҚ МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕТІН КЕЗ КЕЛДІ

Оған негіз – сала сарапшыларының қазіргі РОП жүйесін әділетсіз және утилизациялық төлемнің жұмсалу тәртібін мүлде жабық деп бағалауы. Оған себеп, салалық министрліктің РОП жұмысына қатысты нормативтік актілері мәселені шешуге емес, керісінше одан әрі күрделендіруге бағытталған деуге болады.

Мысалы, Экология министрлігі 2022 жылы №688 және №690 бұйрықтарға өзгерістер енгізіп, барлық қалдықтарға қатысты өңдеу нормативтерін ұлғайтумен шектеліп отыр. Атап айтсақ, Экология министрлігі бұл нормативтерді енгізуде «Жасыл экономика» Тұжырымдамасын негізге алған. Алайда бұл құжаттағы 2030 жылға дейінгі қайта өңдеу үлесін 40%-ға жеткізу жөніндегі көрсеткіш, тек коммуналдық қалдықтарға қатысты.

Ал бұл көрсеткішті аккумулятор, көлік майы, шина секілді қалдықтарға да тікелей қолдану – ғылыми және салалық тұрғыдан негізсіз. Мысалы, ЕуроОдақ, АҚШ, Жапония сияқты елдерде шина арнайы қалдық немесе өнеркәсіптік қауіпті қалдық болып есептеледі. Бұл – бір.

Екіншіден, жоғарыда айтылған Экология министрлігінің №688 және №690 бұйрықтары Экологиялық кодекстің талаптарына қайшы келеді. Кодекске сәйкес, дербес өңдейтін өндіруші мен импорттаушылар қалдықтарды өңдеу жөніндегі есебін Экология министрлігіне тапсырады, ал министрлік шешім қабылдауы керек. Алайда Министрлік жоғарыда айтылған бұйрықтарға сәйкес бұл құжаттарды тексеру үшін «Жасыл даму» АҚ-на жолдап, шешімді соның «техникалық қорытындысына» сүйеніп шығарады.

Бұл – «қорытынды» мазмұндық сараптама емес, тек құжаттардың бар-жоғын тексеру. Бұл артық бюрократиялық әрекеттің нәтижесінде – есептердің басым бөлігі бойынша негізсіз теріс шешімдер қабылданып, бизнес субъектілері сотқа жүгінеді және көбінесе жеңіп шығады.

Осыдан келіп, бюджет қаражаты нақты реформаларға емес, сот шығындарына жұмсалуда. Сонымен қатар қатаң әкімшілік тосқауылдар бизнесті көлеңкелі айналымға итермелеуде.

Үшіншіден, Мемлекет басшысы еліміздің экономикасын дамытуда монополияға жол бермеу мәселесін бірнеше рет қадап айтты. Соған қарамастан Экология министрлігі РОП-қа жинақталған қаржыдан бүгінгі таңда басы артық, яғни мүдделі топтардың бизнес жобасын қаржыландырмақ па? – деген заңды сұрақ туады.

Біздегі ақпарат бойынша, «Жасыл даму» АҚ Астанада қуаты 120 мың тонна шинаны өңдейтін жаңа зауыт салмақшы. Алайда елімізде пайдаланылған шиналардың жылдық көлемі небәрі 115 мың тоннадан аспайды, ал оларды өңдейтін 20 шақты кәсіпорын нақты жұмыс істеп тұр. Яғни бізге дәл қазір мемлекеттің қаржысын тиімсіз әрі басы артық жобаға жұмсау қажет пе?!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жоғарыдағы фактілер көрсеткендей, қалдықтардың өңірлер бойынша нақты көлемі мен құрамы бағаланбаған, қолданыстағы өңдеу қуаттары мен технологиялар есепке алынбаған. Сондай-ақ әр қалдық түрі бойынша нақты қажеттілік пен тапшылық анықталмаған.

Бұл жағдай стратегиялық жоспарлаудың жоқтығын және жекелеген мүдделердің ықпалын көрсетеді. Сондықтан қалдықтарды қайта өңдеу саясатын жүйелі, ашық және ғылыми тәсілмен жүргізу – бүгінгі күннің негізгі талабы! Осыған байланысты, мынадай нақты ұсыныстар енгіземіз:

1. Барлық қалдықтар бойынша қайта өңдеуге қатысты бірыңғай көрсеткіштен бас тартып, қалдық түрлеріне қарай сараланған нормативтерді енгізу – пластик, май, аккумулятор, шина, қағаз сынды қалдықтар бойынша жеке талаптар белгілеу. Бұл процеске тәуелсіз сарапшылар, салалық қауымдастықтар мен шағын бизнес өкілдері тартылуы тиіс.

2. Қалдықтар нарығына қатысты өңірлер мен салалар бойынша қалдық түзілу құрылымын, қайта өңдеуші кәсіпорындардың картасы мен қуаттылықтарын, сондай-ақ логистика, сұрыптау және өңдеу саласындағы кедергілерді нақты көрсететін ашық талдау жүргізілуі тиіс.

3. 2022 жылғы №688, 690 нормативтік-құқықтық актілерді қайта қарап, олардың салалық ерекшеліктер мен ғылыми негізге сәйкестігін бағалау.

4. «Жасыл экономика» Тұжырымдамасына да өзгерістер енгізіп, әр қалдық түрі бойынша нақты, ғылыми негізделген өңдеу пайыздарын жеке-жеке белгілеу қажет.

Нартай СӘРСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты



БАЛАНЫҢ ТІЛІ – ҚИЫН ТІЛ

(БАЛАЛАР ҚАЛАМГЕРІ АЙСҰЛУ ЖОЛТАЙҚЫЗЫНЫҢ БІР КІТАБЫ ТУРАЛЫ)

Мен Айсұлу Жолтайқызының жазған көркем дүниелерін қадағалап оқып отырамын. Ол – талантты жас, ізденімпаз қалам иесі. Соңғы жылдар ішінде көптеген тартымды туындылар туғызып, өз талантын көрсете білді.



Ерекше риза болатыным – өзінің көркем дүниелерін екі тілде, қазақ және ағылшын тілдерінде еркін жазып жүргендігі. Айсұлудың қазірге дейін мектеп жасындағы оқушыларға арналған үш бірдей кітабы баспа арқылы шығып, жас оқырмандар қолына тиді: «Құрбы қыздар құпиясы» (2019), «Таныстар татулығы» (2022) және «Құстар тілі» (2024) секілді балаларға арналған кітаптарында хикаяттар, әңгімелер, ертегілермен қабат балаларға арналған драмалық шығармалары да бар.

Айсұлу Жолтайқызының шығармалары республика көлемінде өткізіліп келе жатқан әдеби конкурстарда да бірнеше рет аталып өтті. «Құрбы қыздар құпиясы» атты повесть-фэнтези шығармасы үшін 2019 жылы республикалық «Рух» бәйгесінің бас жүлдесін алса, «Сымбат және Сұлужан» пьесасы «Тәуелсіздік толғауы» конкурсында оза шапты. «Ауылым – алтын бесігім», «Ұлы дала» т.б. конкурстарда да өз шығармаларымен топ жарды. Сондай-ақ ағылшын тілінде жазған дүниелерімен шетелдік байқауларға да қатысып, әлемнің ең таңдаулы жазушыларының балаларға арналған шығармаларын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен де шұғылдануда. Қазақ ұлтының руханияты мен әлемдік руханияттың сабақтастығы жайында ой толғап, көптеген публицистикалық мақалалар да жазды, жазып та келеді.

Балалар жазушысы һәм драматург Айсұлу Жолтайқызы осы заманғы жастар арасынан ерекше көзге түсіп жүрген талантты қалам иесі болып келе жатқанын соңғы кітабы – «Құстар тілінен» де анық байқағандаймыз.

«Құстар тілі» алты бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде «Құстар тілі» атты хикаяты берілген. Бұл шығармада бүгінгі өмір шындығы да, аздаған фэнтези элементтері де араласқан. Ақ көгершін мен көк көгершіннің айнымас достығын көрсете отырып, балаларды мейірімділікке, бауырмалдыққа және шыншылдыққа жетелейді. Шығарма өте тартымды оқылады. Кітаптың екінші бөлімінде «Ақ әже» атты әңгімелер топтамасы берілген. Автор мұнда да әжесі мен немересі арасындағы сыйласты сезім арқылы адами қасиеттерді көрсетуге тырысқан.

Кітаптың үшінші және төртінші бөлімінде ертегілер мен драмалық туындылары беріліпті.

Жинақтағы бесінші және алтыншы бөлімді жас қаламгердің табиғат пен тіршілік туралы ой-толғамдары мен эсселері құрайды. Мұнда да жас бүлдіршіндерге ой салар мағыналы түйіндемелер баршылық екен.

Біздің ойымызша, Айсұлу Жолтайқызының «Құстар тілі» кітабы жас оқырмандардың жүрегіне жол тауып, өте оқылымды кітапқа айналатын сияқты. Соңғы жылдар бедерінде балаларға арналған шығармалар азайып кетті, балалар жазушылары жоқтың қасы деген дабыл сөз көп айтылып жүр. Бір жағынан, жаны бар сөз. Алайда ауызды қу шөппен сүртуге де болмас. Оның дәлелі – кейінгі кездері бірсыпыра аға буын қаламгерлердің де балалар тақырыбына орала бастауы болса, екінші жағынан жастар арасында да өте талантты қаламгерлер қаулап өсіп келе жатқандығы. Солардың бірі – біз сөз етіп отырған, балаларға арнап жазып жүрген жазушы Айсұлу Жолтайқызы.

Ділдар МАМЫРБАЕВА,
«Алаш» сыйлығының
лауреаты,
балалар жазушысы

№80 (4824) 10/07/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
14 ШІЛДЕ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Інжу-маржан»
6:50 «Таза Қазақстан».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
8:00 «Майя». Мультхикая.
8:50 «Дара». Ұлттық білім бәйгесі.
10:00 «Анам Анкара». Телехикая.
12:00 «Қызық екен...».
12:50 «Атамекен».
13:25 «Көңіл толқыны».
14:50 «Ауыл мұғалімі». Телехикая.
15:50 «Замандастар».
17:20 «Сағындырған әндер-ай!».
18:00 «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «Ақжауын». Телехикая.
21:20 «АНАМ АНКАРА». Телехикая.
22:20 «Жайдарман». Үздік әзілдер
23:20 «Көзайым». Телехикая.
0:15 «Жүзден жүйрік»
3:15 «Егіз лебіз».
3:45 «Атамекен».
4:20 «Қызық екен...».
5:00 «Ең дәмді»

“Дүлдүлдер дүбірі”
Телехикая. “Пәленшеевтер 4”
“Бес жұлдыз”
Мультсериал. “Питэр Пэн 2”
Телесериал. “Зимородок 2”
“ОйнаIQ”
Телехикая. “Келінжан”
Телехикая.”Әйел бақыты”
Телесериал. “Старший следователь”
Новости
Жаңалықтар
Телехикая. “Мезгілсіз махаббат”
Телехикая.”Әйел бақыты”
Телесериал. “Старший следователь”
Телесериал. “Перекресток”

ASTANA TV

06.00 «Простить нельзя расстаться»
08.00 «Сен келерсің» телехикаясы
09.00 «Қара ниет 6» телехикаясы
10.15 «Зу зу Күлпаш»
11.15 «Осман 4» телехикася
15.15 «Я все помню» телесериал
16.20 «Дочки» телесериал
18.30 «Яркое пламя» телесериал
19.30 «Astanatimes»
20.00 «Ана» телехикаясы
21.00 «Қара ниет 6» телехикаясы
22.00 «Осман 5» телехикаясы
23.50 «Сен келерсің» телехикаясы
01.00 «Мұрагерлер» телесериал

П@UTINA» бағдарламасы
«KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
«ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
«ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
«МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
«ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
«ЛИСТ ОЖИДАНИЯ»
«ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
«ЖАҢАЛЫҚТАР»
«QOSLIKE» бағдарламасы
«БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
«KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
«ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
«НЕВСКИЙ. ЧУЖОЙ СРЕДИ ЧУЖИХ»
«П@UTINA» бағдарламасы
«ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

ҚР ӘНҰРАНЫ
“КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!” (қайталау)
“ТОҒЖАН”, отандық телехикая.
“БЫЛО ДЕЛО”
“МОЕЙ ЛЮБИМОЙ”, мелодрама (повтор)
“НИКТО НЕ ИДЕАЛЕН”, мелодрама
“РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА”, реалити-шоу.
“ҚАРАЛЫ ЖЕСІР”, өзбек телехикаясы.
КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
“ШЕФ-5”, криминальная драма
“ГОРЯЧИЙ”, остросюжетная драма
“КАТИНА ЛЮБОВЬ”, мелодрама
“ҚАРАЛЫ ЖЕСІР”, өзбек телехикаясы. (қайталау)
“КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!” (қайталау)
КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

«Әзіл студио»
«31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
«Күліп All»
«Тәтті шоу»
«Сенім» телехикаясы. 14 бөлім
Мультсериал «Кунг-фу Панда»
«Широко шагая» (повтор)
«Бладшот» (повтор)
Информбюро (рус/каз)
«Интернэшнл»
«Бозторғай» телехикаясы. 60 бөлім
«Сенім» телехикаясы. 14 бөлім
«31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
«Time Vine»
«TikTok show»
«1001 Әзіл»
Телевикторина «BALA BATLLE»
«Ризамын»

Әнұран
«ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ» Телехикая
“ЗЫҢ-ЗЫҢ КҮЛПӘШ” Телехикая
“ЖҰЛДЫЗДЫ ШАҢЫРАҚТА”.
«Великолепный век. Кёсем».
“СВЯЩЕННЫЕ УЗЫ” Телесериал
“ОТРЕЧЕНИЕ” Телесериал
“ӘЙЕЛ ҚАСИЕТІ” Телехикая
“Әзілің жарасса...”
“Стамбульская невеста”. Телесериал
«1001 ночь» Телесериал
ЖАҢАЛЫҚТАР
